

DOI 10.52260/2304-7216.2026.1(62).12  
 ЭОЖ 33.338.48  
 FTAMP 06.52.45

А.Т. Исаева, э.ғ.к., аға оқытушы<sup>1</sup>  
 Ж.А. Дулатбекова\*, э.ғ.к., қауымд. профессор<sup>2</sup>  
 Г.И. Айтходжаева, сеньор-лектор<sup>3</sup>  
 А.Б. Учкампирова, PhD қауымд. профессор<sup>2</sup>  
 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
 Алматы қ., Қазақстан<sup>1</sup>  
 Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
 Астана қ., Қазақстан<sup>2</sup>  
 Алматы технологиялық университеті,  
 Алматы қ., Қазақстан<sup>3</sup>  
 \* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)  
 e-mail: d\_jann@mail.ru

### ҚАЗАҚСТАНДА ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ

*Зерттеудің өзектілігі қонақжайлылық индустриясының жаһандану жағдайында қарқынды өзгеріске ұшырауы, бәсекелестік әрекеттердің және тұтынушылардың талғамдарының, қызмет көрсетулердің жаңаруы, қонақ үй бизнесінде түбегейлі жаңаруға және жаңғыруға қажетті қолдаудың маңызды мен тетіктерін зерттеуді қажет етеді. Қонақ үй бизнесі туризмнің құрамдас бөлігі және оның өнімін қалыптастыруда маңызды рөлге ие. Тәжірибеде қолданылған мемлекеттік қолдау шараларының, оның ішінде жеңілдетілген несиенің, субсидиялардың, салықтық жеңілдіктердің және инфрақұрылымды дамыту бағдарламаларының экономикалық әсері, жаңа қонақ үйлерді салуға, тиімділікті арттыруға, ескілерін, қызметінің сапасын жаңартуға және инвестициялық тартымдылықты арттыруда қолдау үлестерін алмаған осал топтарды анықтау және олардың даму жағдайын салыстырмалы талдау жасап, қолдаудың маңыздылығын ұсыну қажеттігі қонақ үй бизнесіндегі мәселелерді оңтайландыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда қонақ үй құрылысы мен қонақ үй қызметін ұсынуда шағын кәсіпкерлік ретінде, жалпыға бірдей берілген арнаулы режимдерді қолдану және қонақ үй құрылысына кеткен шығындардың бір бөлігін субсидиялау мүмкіндіктері қарастырылған. Дегенмен, қонақ үй бизнесінде ұсынылатын қызметтер күнделікті қажеттіліктерді өтеуге арналған қызметтердің қатарына жатпайды, тұтынушылары мақсатты аудиториядан тұратындықтан, қызметтің тартымдылығын арттыруда үнемі жаңару мен жаңғырудың қажеттілігін тұтынушылар мен нарық үлесін арттыруда талап етіледі. Қонақ үй бизнесі басқа салалардың қызметіне тұтынушы ұйым, қозғаушы күш ретінде, салалық қызметтің сұранысын қалыптастырады және басқа да салалардың қызмет көлемін және жергілікті нарықтағы сұранысты арттыруға оң әсерін тигізеді. Мақалада қонақ үй бизнесінің дамуына әсер ететін сыртқы және ішкі факторлардың әсерін факторлық талдау әдістері арқылы бағалау міндеттері қойылады, қонақ үй бизнесінің қазіргі жағдайын талдау арқылы өзекті мәселелері анықталады, қонақ үй бизнесінің белсенділігін арттыру жолдары мен мемлекеттік қолдаулардың экономикалық және әлеуметтік маңызы ұсынылды. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік қолдаудың қонақ үй бизнесін тұрақты дамытуды, әлеуметтік-экономикалық маңызын арттыруды басқарудың жетілдіруде маңызды.*

**Кілт сөздер:** қонақ үй бизнесі, қонақ үйлердің толтырымдылығы, мемлекеттік қолдау, инвестиция, туризм, әлеуметтік әсер, экономикалық тиімділік.

**Ключевые слова:** гостиничный бизнес, заполняемость гостиниц, государственная поддержка, инвестиция, туризм, социальное воздействие, экономическая эффективность.

**Keywords:** hotel business, hotel occupancy, government support, investment, tourism, social impact, economic efficiency.

**JEL Classification:** O1, O2, O21, P11, P21

**Кіріспе.** Қонақ үй бизнесі қазіргі заманда туризм саласының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан сияқты дамушы елдерде қонақ үй қызметтері экономиканың туристік секторының дамуына тікелей ықпал етеді және аймақтық экономикалық өсуге серпін береді. Соңғы жылдары елімізде туризм саласын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен шаралар белсенді жүргізілуде. Мемлекеттік қолдау қонақ үй бизнесін кеңейтуге, жаңа жұмыс орындарын

құруға, сондай-ақ туризм инфрақұрылымын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл тек экономикалық тұрғыдан тиімділік қана емес, сонымен қатар әлеуметтік аспектілерді де қамтиды.

Қазақстанның орналасуы мен бай мәдени мұрасы елге туристерді тартуды арттырудың маңызды факторлары болып табылады. Дегенмен, туризм саласының дамуы тек табиғи және мәдени ресурстарға ғана емес, сонымен қатар қонақ үй бизнесін ұйымдастыру деңгейіне де байланысты. Шетел тәжірибелерінде 100 сыйымдылықты қамтитын қонақ үй құрылысын жүргізуге мемлекеттік бюджеттен Еуропалық Одақ елдерінде даму қорынан 168,7 миллион еуро, ал дамыған елдерде салықтан босату, АҚШ-та дамыту бағдарламаларын жасау сияқты қонақ үй бизнесін мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған. Біздің елімізде қонақ үй құрылысын жүргізу шығындардың 10 пайызын субсидиялау сияқты қолдау шаралары ұсынылған [1]. Қонақ үйлер сапалы қызмет көрсету, инфрақұрылымды дамыту және халықаралық стандарттарға сай болу арқылы туристік ағынды арттырады. Осы орайда, мемлекеттік қолдаудың рөлі ерекше маңызға ие болады, өйткені ол қаржылық субсидиялар, салық жеңілдіктері, инвестициялық ынталандырулар және кәсіби кадрларды даярлау бағдарламалары арқылы кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы қонақ үй бизнесін мемлекеттік қолдаудың экономикалық және әлеуметтік салдарын бағалау болып табылады. Зерттеудің міндеттері – қонақ үй бизнесіндегі тиімділікті анықтау, белсенділікті арттыру жолдарындағы мемлекеттің рөлін негіздей отырып, әлеуметтік-экономикалық әсерлерін ұсыну.

Экономикалық тиімділік тұрғысынан мемлекеттік қолдау қонақ үй секторында инвестицияларды арттыруға, бизнестің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілікті нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік әсері айқын көрінеді: жұмыс орындарының көбеюі, жергілікті тұрғындардың табысының өсуі, мәдени және әлеуметтік шаралардың дамуы. Бұл факторлар қоғамның әл-ауқатын арттырып, әлеуметтік тұрақтылыққа да оң әсер етеді [2].

Қазақстандағы қонақ үй бизнесіне мемлекеттік қолдаудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігін зерттеу туризм саласының дамуын бағалауға, стратегиялық шешімдер қабылдауға және жаңа саяси шараларды енгізуге мүмкіндік береді. Осы мақалада осы бағыттағы мемлекеттік қолдаудың негізгі механизмдері, экономикалық пайдасы және әлеуметтік әсері терең талданатын болады.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу Қазақстандағы қонақ үй бизнесіне мемлекеттік қолдаудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігін бағалауға бағытталған. Негізгі материалдар ретінде ресми статистикалық деректер, мемлекеттік бағдарламалар мен саяси құжаттар, сондай-ақ қонақ үй секторындағы кәсіпкерлер мен туристік агенттіктердің есептері пайдаланылды. Әсіресе, ҚР Ұлттық статистика бюросының туристік және қызмет көрсету саласына қатысты соңғы бес жылдағы деректер негізге алынды. Сонымен қатар, салалық есептер мен халықаралық туризм рейтингтері экономикалық тиімділікті салыстырмалы түрде талдау үшін қолданылды.

Зерттеудің әдістемелік негізін сапалық және сандық әдістер біріктірген тәсіл құрайды. Сандық талдау үшін статистикалық көрсеткіштер – қонақ үй орындарының саны, туристік ағын, айналым, инвестициялар көлемі және жұмыспен қамту деректері қолданылды. Салыстырмалы талдау әдістері арқылы Қазақстан өңірлеріндегі орналастыру орындарының қызмет көрсету үлесі анықталып, сандық және сапалық көрсеткіштері ұсынылды. Бұл әдіс мемлекеттік қолдаудың әлеуметтік аспектілерін, атап айтқанда, жергілікті тұрғындардың өмір сапасына, жұмыс орындарына және мәдени шараларға әсерін бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында алынған көрсеткіштерді жүйелеу, топтау және салыстыру әдістері қолданылды және зерттеу нәтижелері мемлекеттік қолдаудың маңызды тұстарын негіздейтін ұсыныстарды нақтылады.

Сонымен қатар, салыстырмалы талдау әдісі мемлекеттік қолдау алған және қолдаудан тысқары қалған қонақ үйлердің көрсеткіштерін салыстыруға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл мемлекеттік саясаттың тиімділігін нақтырақ анықтауға және ықтимал проблемалық аспектілерді анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында нәтижелердің сенімділігі мен толықтығын қамтамасыз ету үшін деректерді бірнеше дереккөздермен салыстырмалы талдау және анықталған нәтижелерді бағалауда SWOT талдау жасалды. Сонымен қатар, зерттеу барысында сыртқы факторлардың әсерін бағалауда факторлық талдау арқылы 2014-2024 жылдар аралығындағы көрсеткіштердің қарқыны негізінде динамикасы ұсынылып, тұрақты дамуға перспективалы ұсыныстары беріледі. Осылайша, қолданылған материалдар мен әдістер Қазақстандағы қонақ үй бизнесін мемлекеттік қолдаудың

экономикалық және әлеуметтік маңызын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді, әрі алынған нәтижелер қонақжайлылық индустриясын басқаруда ұсыныстар жасау үшін негіз болды.


**Әдебиеттік шолу.** Қонақ үй бизнесіне мемлекеттік қолдаудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігін зерттеу тақырыбына көптеген ғылыми еңбектер арналып келеді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік қолдау туризм саласының дамуына және жергілікті экономиканың өсуіне айтарлықтай ықпал етеді. Мысалы, Gashi S. (2025) зерттеулерінде қонақ үй секторындағы субсидиялар мен салықтық жеңілдіктердің инвестицияларды арттыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға септігін тигізетіні көрсетілген [3]. Соңдай-ақ He J. (2025) орналастыру және басқа да қызмет көрсету салаларының туристік өнімді қалыптастыруда маңызды екенін және тұтастай туризм дамуы үшін мемлекеттік қолдау шаралары мен жеңілдіктерді ұсыну қажеттігін негіздеген [4]. Sharma G.D. (2024) еңбегінде қонақжайлылық және туризм индустриясында озық технологияларды енгізу мен бәсекеге қабілеттілікті арттыруда мемлекеттік қолдаудың маңызды екенін ұсынған. Оның зерттеулерінде осы салалардағы кәсіпкерлік макроэкономикалық және ішкі факторлардың әсеріне ұшырайтынын және оған мемлекеттік қолдаудың қажеттігі айтылған [5]. Сонымен қатар, Ahmad N. (2023) зерттеулерінде осы салаға пандемияның қалай әсер еткенін талдап, оны қалпына келтіруде инновацияның маңызы мен оның тұрақты дамуына бірқатар мемлекеттік қолдаулардың әсерін зерттеген [6]. Ғалымдар жаһандану заманында туризм және қонақжайлық саладағы цифрлық технологияларды енгізудің маңызын және оған инвестиция тартуда және сыртқы факторлардың әсерін төмендетуде қаржылық субсидиялар қолайлы қолдау көрсететіндігін, мемлекеттік қолдаудың кәсіпорындардың дамуына оң әсер ететіндігін және оларды тиімділікке әкелетіндігін ұсынған.

Қазақстан зерттеушілерінің зерттеулерінде де қонақ үй бизнесінде мемлекеттік қолдаулардың тиімділігі мен салаға оң әсерін әлеуметтік-экономикалық аспектілерін ұсынған. Қонақжайлылық пен туризмнің дамуына мемлекеттік қолдаулардың әлеуметтік және экономикалық аспектілері бәсекеге қабілеттілікті, инвестициялар тартымдылығы мен кірісті арттыруға, жергілікті халықты жұмыспен қамтуға, жергілікті мәдени және тарихи нысандардың жаңғыруына, халықтың тұрмыс-тіршілігінің көтерілуіне әсер етуіне бағытталған. Жунусова Ә.А., Құрма Н.Ж., Жангельдина Д.И., Ахметова Ғ.Б. қонақжайлылық индустриясын инновациялық дамытудағы инвестицияның маңызы мен салықтық жеңілдіктердің қажеттігін ұсынған [7]. Сонымен қатар, А.А. Жунусова, Н.Ж. Құрманқұлова, Г.Д. Нурмадиева, Ж.М. Акимовтың зерттеулерінде де инновацияның қонақ үй бизнесінде маңызды екенін және оған инвестицияны тартудың қажеттілігін негіздеген [8]. Зерттеу нәтижелері тиімді басқаруды жетілдіру мен сапалы қызметті ұсынудағы құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету мен адами капиталды дамытудағы инвестицияға тәуелділік пен оның тартымдылығын арттырудағы мемлекеттік қолдауға арналған. Садықов Ж.А., Саванчиева А.С., Алдашева А.А., Нурмухамедова Ш.С. туристік индустрияның дамуы еліміздің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің артуына оң әсер етеді. Ол үшін оның инфрақұрылымы мен қызметін қалыптастыратын нысандарын жаңғыртудағы жұмыстар үнемі жалғасын табу керектігін ұсынған [9]. Туристік өнімді қалыптастыруда тасымалдау, орналастыру, тамақтану мен сауданың және басқа да қызметтер жиынтығының алатын орны ерекше және сапалы қызметті қалыптастыру мен елдің туризмінің беделін қалыптастыруға апараты. Оның тартымдылығы қонақ үйдің толтырылымдылығын және тиімділігін арттырады. Қонақ үйлердің дамуы елдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне әсер етіп ғана қоймай, басқа салаларының толық жасақталған қызметті ұсынуына және туризм саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Қонақ үйлердің ішкі нарықтағы сұранысы мен ұсынысы арасындағы икемділіктің өзгерісі мен сапалық қызметтегі өзгерістердің тұрақты еместігін ескере отырып, үздіксіз зерттеу қонақ үйлердің әлеуметтік-экономикалық әсері мен оның даму жағдайын талдауға және мәселелерін, қонақ үй бизнесінің дамуының тежеуші факторларын анықтауға мүмкіндік береді.

**Негізгі бөлім.** Қонақ үй бизнесінің дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламалары қонақ үй бизнесін ғана дамытып қоймайды, туризмнің дамуына, туристердің ағымның артуына, жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуына септігін тигізеді. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдардың есептері (UNWTO, 2021) бойынша мемлекеттік қолдау сапалы инфрақұрылымға, кәсіби мамандарды даярлауға, стандарттарды реттеу арқылы жасалынған қызмет көрсету сапасын жақсартуға тікелей және жанама әсер ететіндігін атап көрсеткен [10].

Қазақстанда жалпы 2024 жылғы көрсеткіш бойынша 4303 орналастыру орындары мен оның 91349 бөлмесі жұмыс жасайды. Оның бөлмелерінің толтырылымдылығы 33,5 пайызды құрап отыр.

2024 жылы орналастыру орындарының қызметін 9119300 адам тұтынған. Жалпы орналастыру орындарының өңірлер бойынша тиімді көрсеткіштердегі үлестік деңгейінде облыстардың ішінде Ақмола облысы, негізгі қалалардың ішінде Алматы және Астана қаласында жоғары.




Сурет –1. Қазақстандағы орналастыру орындарының өңірлер бойынша үлестік көрсеткіштері, %

\*[11] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған.

Еліміздің кейбір өңірлерінде, оның ішінде Ұлытау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарында қонақ үйлердің сандық және сапалық көрсеткіштерінің төмендігін байқауымызға болады. Аталған облыстарда қонақ үй шаруашылығының еңбек өнімділігін жұмысшылар саны мен кірістің үлестік деңгейінен төмен екендігін көрсетіп отыр. Сонымен қатар, Шымкент қаласында түсімнің жұмысшылар санымен салыстырған үлестік деңгейі өте жоғары, бірақ тұтынушылар саны басқа негізгі қалаларға қарағанда төмен. Шымкент қаласы бойынша еңбек өнімділігінің жоғары деңгейін үлестік көрсеткіштерден көруімізге болады. Орналастыру орындарындағы жұмысшылар саны 3 пайызды құраса, Қазақстан бойынша орналастыру орынынан түскен түсім көлемінің 41,4 пайызы Шымкент қаласына тиесілі болып отыр. Облыстардың ішінде Маңғыстау облысы түсім (6,2%) мен орналастыру қызметін тұтыну (5,1%) басқа өңірлерге қарағанда жоғары. Бұл өңірге туристер санының басым бөлігі іскерлік мақсатта келеді және жоғарыда атап өткендей жеке мақсатқа негізделмегендіктен, туыстарының үйіне орналасуға қарағанда қонақ үйлерде орналасу көрсеткіштері жоғары болған.


Қазақстанда 1 және 2 жұлдызды санаттағы қонақ үйлердің саны жылдан жылға азаюда. Оларға мемлекеттік қолдау мен инвесторлардың тартымдылығы төмен жағдайда. Жұлдызы бар санаттағы қонақ үйлер туристерді орналастыру ережелеріне сай жұмыс жасайды және туристік саланың әлемдік деңгейдегі беделінің қалыптасуына нұқсан келтірмейді. 1 және 2 жұлдызды санаттағы қонақ үйлердің санаты жоқ және өзге де орналастыру орындарымен салыстырғанда тұтынушыларды орналастырудың сапасы жоғары: санитарлық гигиеналық нормалардың талаптарын сақтау, санитариялық-эпидемиологиялық нормалардың да сақталуына және қызмет көрсетудің санатқа сай ережелерін қатаң сақтайды [11].



Сурет – 2. Қазақстандағы орналастыру орындарының саны мен қызметін тұтыну көрсеткіштерінің үлесі, %


*\*[11] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған.*

Туристер біздің елімізге ТМД елдерінен көбірек саяхаттайтындықтан және олар туыстарының және санаты жоқ қонақ үйлерге көбірек орналасатындықтан, 1 және 2 жұлдызды санаттағы қонақ үйлердің бәсекелесу күші төмен. Біздің елімізде қонақ үйлерді таңдағанда тұтынушылар басым бөлігі өзге де орналастыру орындарымен қатар, санаты жоқ қонақ үйлерді және 5 жұлдызды санаттағы қонақ үйді таңдайтындығын көріп отырмыз. Толтырымдылық жағынан да бұл қонақ үйлердің үлесі жоғары. Аталған қонақ үйлердің ішінде мемлекеттік қолдауға ерекше ие болған, Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) ретінде құрылған Ақмола облысындағы «Бурабай АЭА» ерекше қолдау болды. Қазіргі таңдағы толтырымдылығы 67 пайызды құрап отырған Rixos Borovoe қонақ үйі аймақтың ең белгілі және жоғары деңгейдегі сапалы қызмет ұсынып отырған кешен. Қонақ үй 2012 жылы АЭА қызметін жүзеге асыру барысында (2008 жылы 15 қаңтардан 2017 жылы 1 желтоқсан) құрылыс жұмыстарын жүргізіп, қолданысқа берілген. АЭА ретінде құрылған Бурабай АЭА салықтық жеңілдіктер мен инвестициялық проференциялардың берілуі нәтижесінде қонақ үйлердің құрылысы мен туристік саланың жалпы дамуына елеулі әсерін тигізді [13]. Сонымен қатар, қазіргі таңда қонақ үйде туристерді тарту үшін әртүрлі Бурабай аймағында саяхаттауға қатысты және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Қонақ үйдің жоғары қалыптасқан инфрақұрылымы сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік беріп отыр. Мұндай мемлекеттік қолдаудың тиімділігі басқа өңірлердегі қонақ үйлердің дамуы мен қалыптасуына септігін тигізеді. Атап айтқанда, Ұлытау, туристік ресурсқа бай Батыс Қазақстан облысы, Маңғыстау мен Ақтөбе облыстарына іскерлік, мәдени-тарихи нысандар негізінде тартымдылықты арттыратын танымдық туризмді дамытуға мүмкіндік алар еді. Туристердің сапар барысындағы шығындарының 45 пайызы көлік шығындарына жұмсалса, 10 пайызы орналастыруға қатысты шығындарға, ал 9,4 пайызы тамақтануға жұмсалады екен. Орналастыру орындарына деген қажеттіліктерді өтеу туристер үшін маңызды. Қонақ үй бизнесі сыртқы факторлардың ішінде туристердің мінез-құлық факторына да жиі икемді болады. Мысалы, туристердің алыс шетелдерден келетін бөлігі бес жұлдызды қонақ үйлерді, оның ішінде әлемде танымал (Rixos, Marriott, Radisson, Hilton және т.б.) қонақ үй желілерін таңдаса, жақын ТМД елдерінен келетіндердің басым бөлігі туыстарының үйлеріне немесе санаты жоқ қонақ үйлерге орналасады.



Сурет – 3. Елге келген және кеткен туристердің орналасу көрсеткіштерінің үлесі, %  
 \*[11] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған.

Елге келгендердің 25 пайызы қонақ үй бизнесінің қызметін таңдаса, ал шығу туризмі бойынша туристердің 61 пайызы қонақ үй қызметін тұтынады екен. Келген туристердің 64 пайызы туыстарына немесе таныстарында орналасса, 29 пайызы елден шыққан туристерге туыстарына орналасу тиесілі болған. Жалпы туристік бизнесте қонақ үйді ашу мен жаңғыртуға қатысты шығындардан басқа, қонақ үйлердің қызмет сапасын арттыру және тартымдылықты арттыру мақсатындағы іс-шараларды ұйымдастыруға да қатысты мәселелер қалыптасуда. 2014-2024 жылдар арасындағы қонақ үйлердің тартымдылығы мен кіріс көздерінің арасындағы байланыс және жаңғыртуға қатысты салынған қаржы көздерінің арасындағы факторлық әсерлерімен байланысын қарастырып көрейік.



Сурет – 4. Қонақ үй бизнесіндегі 2014-2024 жылдар аралығындағы негізгі көрсеткіштерінің тізбекті өсімінің және болашағының қарқыны  
 \*[11] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған.

2014-2024 жылдар аралығындағы маңызды оқиғалардың Астанадағы ұйымдастырылған «ЭКСПО-2017» халықаралық көрменің және COVID-19 пандемиясы жағдайларының қонақ үй бизнесіне тікелей әсер еткендігін жоғарыдағы суреттен көруімізге болады (Сурет 4). 2014-2024 жылдар аралығында орналастыру орындарының саны – 9%; қызмет көрсету көлемі – 20%; тұтынушылар саны –12%; жұмысшылар саны–3%, салынған инвестиция көлемі 8% орташа есеппен

артқан [11]. Орналастыру орындарына салынған инвестицияның 1,3 пайызы мемлекеттік қолдау есебінен мемлекеттік бюджеттен тартылған қаржы, 98,7% өз меншікті қаражаты есебінен тартылған заңды тұлғалардың инвестициялық салымдары. Ең төменгі көрсеткішке ие болып отырған жұмысшылар саны мен инвестиция көлеміне қатысты ынталандыру жүйесі қажет.

Кесте – 1

**Қонақ үй бизнесін мемлекеттік қолдаудағы маңызының әлеуметтік-экономикалық әсерінің SWOT талдауы**

<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- субсидиялар мен гранттар;</li> <li>- салықтық жеңілдіктер;</li> <li>- жаңа жұмыс орындарының ашылуы;</li> <li>- инфрақұрылымды дамыту;</li> <li>- инвесторлардың тартымдылығының жоғарылауы;</li> <li>- бюджеттің кірісінің артуы;</li> <li>- аймақтың белсенді дамуының артуы;</li> <li>- қонақжайлылық индустрияны дамыту бағдарламаларының артуы мен қолға алынуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- құжаттық және басқа да шектеу шараларының басымдылығы;</li> <li>- өңірлер бойынша қолдаулардың тең бөлінбеуі;</li> <li>- мемлекеттік бюджеттің шектеулілігі;</li> <li>- шағын қонақ үйлер үшін қолжетімділіктің төмендігі;</li> <li>- басқа салалардың маңызының артуы;</li> <li>- салалар арасындағы қолдаулардың теңсіздігі.</li> </ul>
<i>Мүмкіндіктері</i>	<i>Қауіптері</i>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- жаңа қонақ үйлердің ашылуы;</li> <li>- туризмді дамыту мүмкіндіктерінің артуы;</li> <li>- жаңа жұмыс орындарын құру мүмкіндіктерінің артуы;</li> <li>- қызмет сапасын халықаралық стандарттарға сай жақсарту;</li> <li>- еліміздің туристік беделін арттыру,</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- экономикалық тұрақсыздық;</li> <li>- төтенше жағдайлар;</li> <li>- мемлекеттік саясаттың өзгеруі;</li> <li>- сұраныстың икемсіздігі;</li> <li>- бәсекелестердің күшейуі;</li> <li>- инновациялық жаңғырудың жылдам өзгерісі.</li> </ul>

*\*[11] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған.*

Қонақ үй бизнесін дамытудың қажетті мемлекеттік қолдаулардағы субсидиялар мен гранттар арқылы қаржылық жүктемені азайтуға, салықтық жеңілдіктер арқылы шығындар көлемін азайтуға, тиімділікті арттыруға, инфрақұрылымды дамыту қонақтарды тасымалдау және құрлыс және басқа да мәселелерді оңтайландыруға мүмкіндік берер еді. Қонақ үй бизнесінің дамуы жаңа жұмыс орындарын құруға, аймақтың дамуына, бюджеттің кірісі мен туристік саланың қызмет көлемін елдің макроэкономикалық көрсеткіштердегі рөлін арттыруға, әлемдегі беделін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Қазақстанда қонақ үй бизнесін дамытуға бағытталған мемлекеттік саясат инвестицияларды тартуға және қонақ үй бизнесінің белсенділігін арттыруға септігін тигізеді. Мемлекеттік қолдау бірнеше жолмен ұсынылады: салықтық жеңілдіктер, гранттар, мемлекеттік субсидиялар және инфрақұрылымды және салалық дамыту бағдарламалары. Қазақстанда мемлекет қаржыландыратын қонақ үйлерге инвестициялар жыл сайын орта есеппен 15-20% - ға артады. Сонымен қатар, қолдау алатын қонақ үйлерде туристік ағын, айналым және қызмет көрсету сапасы айтарлықтай арттырады. Бұл экономикалық тиімділіктің айқын көрсеткіші. Мемлекеттік қолдаудың әлеуметтік аспектісі де маңызды. Зерттеулер көрсеткендей, мемлекет қаржыландыратын қонақ үйлердегі қызметкерлер білікті, ал жергілікті тұрғындар туристік секторға көбірек қатысады. Бұл әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдастықтың әл-ауқатына ықпал етеді. Қонақ үй секторына инвестиция салу жаңа жұмыс орындарын құруға және жергілікті тұрғындардың табысын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау арқылы қонақ үй жоғары сапалы қызмет көрсетуге, кәсіби қызметкерлерді оқытуға және мәдени және әлеуметтік жобаларды дамытуға белсенділігін арттырды.

**Қорытынды.** Елімізде қонақ үй бизнесін дамытуда мейрамханасы бар қонақ үйлердің қызмет көлемі мейрамханасы жоқ қонақ үйлермен салыстырғанда екі есе жоғары. Сонымен қатар, әртүрлі қонақ үйлерде көрсетілген қосымша қызметтерді ұсынып отырған қонақ үйлерде қызмет көлемін ұсыну және толтырымдылықты арттыру жоғары. Мейрамханасы бар қонақ үйлерді және қосымша қызметтерді ұйымдастыруға қосымша қаржылық салым қажет. Қонақ үйлерде әртүрлі отбасылық кештерді ұйымдастыру, ойын және спорттық шараларды, демалудың алуын түрлі шараларының нұсқасын ұсыну қызмет көлемін арттырып, орналастыру қызметіне тартымдылықты арттырды. Бұл

іс-шараларды ұйымдастыруға меншікті қаражат немесе тартылған қаражаты есебінен қажетті қонақ үйлердің техникалық базаларын және негізгі қорды жаңғырту қажет. Еліміздегі қонақ үй бизнесін мемлекеттік қолдаудың қажеттілігі мен маңызын зерттеуде келесідей тұжырымдар жасалынды: қонақ үй бизнесін мемлекеттік қолдау инвестицияның тартымдылығын арттыруға, туристердің ағынын арттыруға, қызмет сапасы көтеруге септігін тигізеді. Талдау нәтижесінде қонақ үй бизнесіндегі орта және шағын топтың біртіндеп жойылу қаупі бар екендігі анықталды. Қонақ үйлерде бір және екі жұлдызды қонақ үйлерге инвестиция тарту өте қиын. Мемлекеттің қолдауының әсерінен инвесторларда сенімділік артар еді, осы санаттағы қонақ үйлердің қаржылық жүктемесінің төмендеуіне мүмкіндік болады. Мемлекеттік субсидиялар, салықтық жеңілдіктер мен инфрақұрылымды дамытуға қатысты бағдарламалар төңірегінде Ұлытау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарында қонақ үй бизнесін дамытуға бағыттау қажет. Мемлекеттік қолдаулар орналастыру орындарының қызметінің жандануымен қатар, бұл өңірлердің бай туристік әлеуетіне негізделген туристік қызметті тұтынуды арттырып, инфрақұрылымды дамытуға, туристердің тартымдылығын арттыруға, туристік саланың жалпы дамуына да септігін тигізеді. Ақтөбедегі орналастыру қызметін тұтыну деңгейін зерттеуде түнеу күнінің азыдығы анықталды, ол Ә.Молдағұлова атындағы халықаралық әуежайды транзиттік мақсатта, яғни басқа өңірлерге ұшып кету немесе басқа елге ұшып кету нүктесі ретінде қолдануда. Ақтөбе облысындағы туристік әлеует нысандарының қызметін ілгерілетуді және қонақ үйлердегі ұсынылатын қызметтердің тартымдылығын арттыру мен қосымша қызмет түрлерін ұсыну келушілер саны мен кірістің артуына мүмкіндік береді. Қонақ үй бизнесін дамытудың әлеуметтік аспектілердің аясында жаңа жұмыс орындарының ашылуы, жергілікті тұрғындардың табысының өсуі, кәсіби даярлықтың артуы, инфрақұрылымның дамуы, әлеуметтік жобалардың іске асуына септігін тигізіп, қоғамның тұрмыс тіршілігін жақсартуға септігін тигізеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>.
2. Baimbetova A., Muslimbekova M. The Role of the Hotel Business in the Development of the Tourism Industry in Kazakhstan // *Modern Scientific Method*. – 2022. – №1. – URL: <https://ojs.publisher.agency/index.php/MSM/article/view/169>.
3. Gashi S., Qosja E., Liça D. Hotels industry: An analysis of business approaches and strategies // *Corporate & Business Strategy Review*. – 2025. – №1(6). – P. 240–253. – DOI: 10.22495/cbsrv6i1siart2.
4. He J., Xue B., Chen L., Chen F. The buffering effect of government subsidies on tourism enterprise performance based on uncertainty shock // *Management System Engineering*. – 2025. – №1(4). – Art 12. – DOI: 10.1007/s44176-025-00047-0.
5. Sharma G.D. Using innovation and entrepreneurship for creating edge in service firms: A review research of tourism and hospitality industry // *Journal of Innovation & Knowledge*. – 2024. – №4(9). – DOI: 10.1016/j.jik.2024.100572.
6. Ahmad N., Li S., Hdia M., Bélas J., Wan Mohd Hirwani W.H. Assessing the COVID-19 pandemic impact on tourism arrivals: The role of innovation to reshape the future work for sustainable development // *Journal of Innovation & Knowledge*. – 2023. – №2. – DOI: 10.1016/j.jik.2023.100344.
7. Жунусова Ә.А., Құрма Н.Ж., Джангельдина Д.И., Ахметова Ғ.Б. Қонақжайлылық индустриясындағы айналмалы экономика тенденциялары // *Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы*. – 2023. – №1(50). – DOI: 10.52260/2304-7216.2023.1(50).24.
8. Жунусова А.А., Құрманқұлова Н.Ж., Нурмадиева Г.Д., Акимов Ж.М. Қонақ үй бизнесінде инновациялық технологияларды дамыту // *Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы*. – 2024. – №3(56). – DOI: 10.52260/2304-7216.2024.3(56).32.
9. Садықов Ж.А., Саванчиева А.С., Алдашева А.А., Нурмухамедова Ш.С. Совершенствование инфраструктуры индустрии туризма Казахстана // *Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли*. – 2022. – №1(46). – DOI: 10.522602304-7216.2022.1(46).20.
10. United Nations World Tourism Organization (UNWTO). UNWTO Recommendations for Action: Supporting Jobs & Economies through Travel and Tourism. – Madrid: UNWTO. – 2021. – URL: <https://www.untourism.int/2021-a-year-in-review>.

11. Туризм статистикасы. – URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/>.
12. Туристерді орналастыру орындарын сыныптау қағидаларын бекіту туралы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005367>.
13. «Бурабай» арнайы экономикалық аймағын құру туралы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U080000512>.

## REFERENCES

1. Qazaqstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023–2029 jyldarga arналған tujyrymdamasyn bekitu turaly [On approval of the Concept for the Development of the Tourism Industry of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>. [in Kazakh]
2. Baimbetova A., Muslimbekova M. The Role of the Hotel Business in the Development of the Tourism Industry in Kazakhstan // *Modern Scientific Method*. – 2022. – №1. – URL: <https://ojs.publisher.agency/index.php/MSM/article/view/169>.
3. Gashi S., Qosja E., Liça D. Hotels industry: An analysis of business approaches and strategies // *Corporate & Business Strategy Review*. – 2025. – №1(6). – P. 240–253. – DOI: 10.22495/cbsrv6i1siart2.
4. He J., Xue B., Chen L., Chen F. The buffering effect of government subsidies on tourism enterprise performance based on uncertainty shock // *Management System Engineering*. – 2025. – №1(4). – Art 12. – DOI: 10.1007/s44176-025-00047-0.
5. Sharma G.D. Using innovation and entrepreneurship for creating edge in service firms: A review research of tourism and hospitality industry // *Journal of Innovation & Knowledge*. – 2024. – №4(9). – DOI: 10.1016/j.jik.2024.100572.
6. Ahmad N., Li S., Hdia M., Bélas J., Wan Mohd Hirwani W.H. Assessing the COVID-19 pandemic impact on tourism arrivals: The role of innovation to reshape the future work for sustainable development // *Journal of Innovation & Knowledge*. – 2023. – №2. – DOI: 10.1016/j.jik.2023.100344.
7. Junusova A., Qurma N., Djangeldina D., Ahmetova G. Qonaqjailylyq industriiasyndagy ainalmaly ekonomika tendentsiialary [Circular economy trends in the hospitality industry] // *Qazaq ekonomika, qarjy jane halyqaralyq sauda universitetinin jarshysy*. – 2023. – №1(50). – DOI: 10.52260/2304-7216.2023.1(50).24. [in Kazakh]
8. Junusova A., Qurmanqulova N., Nurmadiyeva G., Akimov J. Qonaq ui biznesinde innovatsiyalyq tehnologiyalary damytu [Development of innovative technologies in the hotel business] // *Qazaq ekonomika, qarjy jane halyqaralyq sauda universitetinin jarshysy*. – 2024. – №3(56). – DOI: 10.52260/2304-7216.2024.3(56).32. [in Kazakh]
9. Sadykov J., Savanchieva A., Aldasheva A., Nurmuhamedova S. Sovershenstvovanie infrastruktury industrii turizma Kazahstana [Improving the infrastructure of Kazakhstan's tourism industry] // *Vestnik Kazahskogo universiteta ekonomiki, finansov i mejdunarodnoi trgovli*. – 2022. – №1(46). – DOI: 10.522602304-7216.2022.1(46).20. [in Russian]
10. United Nations World Tourism Organization (UNWTO). UNWTO Recommendations for Action: Supporting Jobs & Economies through Travel and Tourism. – Madrid: UNWTO. – 2021. – URL: <https://www.untourism.int/2021-a-year-in-review>.
11. Turizm statistikasy [Tourism statistics]. – URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/>. [in Kazakh]
12. Turisterdi ornalastyru oryndaryn synyptau qagidalaryn bekitu turaly [On approval of the rules for classifying tourist accommodation facilities]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005367>. [in Kazakh]
13. «Burabai» arнайы ekonomikalyq aimagyn quru turaly [On the establishment of the "Burabai" special economic zone]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U080000512>. [in Kazakh]

Исаева А.Т., Дулатбекова Ж.А., Айтходжаева Г.И., Учкампирова А.Б.

## ЭКОНОМИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ЗНАЧИМОСТЬ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ГОСТИНИЧНОГО БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ

### Аннотация

Актуальность исследования заключается в том, что индустрия гостеприимства претерпевает интенсивные изменения в условиях глобализации, требует изучения важности и механизмов конкурентной деятельности и обновления потребительских вкусов, услуг, поддержки, необходимой для радикального обновления и модернизации домашнего бизнеса. Гостиничный бизнес является составной частью туризма и играет важную роль в формировании его продукции. Экономический эффект от примененных в практике мер государственной поддержки, в том числе льготных кредитов, субсидий, налоговых льгот и программ развития инфраструктуры, необходимость выявления уязвимых групп, не получивших доли поддержки в строительстве новых гостиниц, повышении эффективности, обновлении старых, качества услуг и повышении инвестиционной привлекательности, и проведения сравнительного анализа состояния их развития и предложения важности поддержки в гостиничном бизнесе позволяет оптимизировать проблемы. В настоящее время в строительстве гостиниц и предоставлении гостиничных услуг, как малого предпринимательства, предусмотрены возможности применения универсальных специальных режимов и субсидирования части затрат на строительство гостиницы. Однако услуги, предоставляемые в гостиничном бизнесе, не относятся к числу услуг, предназначенных для удовлетворения повседневных потребностей, потребителями которых является целевая аудитория, поэтому потребность в постоянном обновлении и модернизации в повышении привлекательности услуги востребована в увеличении доли потребителей и рынка. Гостиничный бизнес, как организация-потребитель, движущая сила деятельности других отраслей, формирует спрос на отраслевые услуги и оказывает положительное влияние на увеличение объемов деятельности других отраслей и спроса на местном рынке. В статье ставятся задачи оценки влияния внешних и внутренних факторов, влияющих на развитие гостиничного бизнеса, с помощью методов факторного анализа выявляются актуальные проблемы гостиничного бизнеса через анализ его современного состояния, предлагаются пути повышения активности гостиничного бизнеса и экономического и социального значения государственной поддержки. Результаты исследования важны для совершенствования управления устойчивым развитием гостиничного бизнеса, повышения социально-экономического значения государственной поддержки.

**Issaeva A., Dulatbekova Zh., Aitkhojayeva G., Uchkampirova A.**

## THE ECONOMIC AND SOCIAL SIGNIFICANCE OF GOVERNMENT SUPPORT FOR THE HOTEL BUSINESS IN KAZAKHSTAN

### Annotation

The relevance of the research lies in the fact that the hospitality industry is undergoing intensive changes in the context of globalization, requires studying the importance and mechanisms of competitive activity and updating consumer tastes, services, and support necessary for radical renovation and modernization of home businesses. The hotel business is an integral part of tourism and plays an important role in shaping its products. The economic effect of government support measures applied in practice, including preferential loans, subsidies, tax incentives and infrastructure development programs, the need to identify vulnerable groups that have not received a share of support in building new hotels, improving efficiency, updating old ones, quality of services and increasing investment attractiveness, and conducting a comparative analysis of their development and Suggesting the importance of support in the hotel business allows you to optimize problems. Currently, in the construction of hotels and the provision of hotel services, as a small business, it is possible to apply universal special regimes and subsidize part of the cost of building a hotel. However, the services provided in the hotel business are not among the services designed to meet the daily needs of the target audience, so the need for constant updating and modernization to increase the attractiveness of the service is in demand in increasing the share of consumers and the market. The hotel business, as a consumer organization, is the driving force behind the activities of other industries, generates demand for industry services and has a positive impact on increasing the volume of activities in other industries and demand in the local market. The article sets out the tasks of assessing the impact of external and internal factors affecting the development of the hotel business, using factor analysis methods, identifies current problems of the hotel business through an analysis of its current state, suggests ways to increase the activity of the hotel business and the economic and social importance of government support. The results of the study are important for improving the management of the sustainable development of the hotel business, increasing the socio-economic importance of government support.